АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ЕНБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ
КӨКТӨБЕ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ
ӨКІМ

АКИМ
КОКТОБИНСКОГО СЕЛЬСКОГО
ОКРУГА
ЕНБЕКШИКАЗАХСКОГО РАЙОНА
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ
РАСПОРЯЖЕНИЕ

Қызылжар ауылы Естемесов көшесі № 26-А
тел: 52-0-33

село Кызылжар ул. Естемесова № 26-А
тел: 52-0-33

19.01.2026 ж. **№ 01-45/12** **19.01.2026 г.**

Мемлекеттік сатып алу (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

ҚР "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның 16-бабының 3-тармағы 28 тармақшасына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506 тармағына сәйкес, Көктөбе ауылдық округінің жергілікті қауымдастық мүшелері отырысының 2026 жылғы 12 қаңтардағы №1 хаттамасының негізінде:

1. Біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің 4000 (төрт мың) еселенген мөлшерінен аспайтын:

1) Көктөбе ауылдық округі бойынша жарықтандыру шамдарына техникалық қызмет көрсету жұмыстары, 3 448 275.87 теңге;

2) Көшелерді қысқы мерзімде күтіп баптау жұмыстары 3 148 275.87 тг

3) Ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтер, 800 000 теңге

4) Елді мекеннің ішіндегі және "Алматы-Талғар-Бәйдібек би" автокөлік жолының бойындағы шөптерді шауып, ағаштарды әктеу, қураған ағаштарды кесу, орнына рұқсат қағазда көрсетілген көлемде ағаштар отырғызу, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары - 1 465 517.24

5) Елді мекендердің ішіндегі және елді мекеннен тыс суғару каналдарын, арық жүйелерін тазалау, қалпына келтіру - 2 413 793.11 тг

6) Заңсыз жиналған зиянсыз қоқыстарды жою, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинап, шығару бойынша қызметтер мен техникалық ерекшелікке сәйкес жұмыстар - 1 442 241.38 теңгеге бір көзден тікелей сатып алынсын.

2. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алып, тікелей шарт жасау туралы шешімді қабылдау үшін жауапкершілікті өзіме қалдырамын.

Көктөбе ауылдық округінің әкімі **Б.Саменов**

Сканировано с CamScanner

«Көктөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекетік мекемесі

Жергілікті қауымдастық отырысының № 1 хаттамасы

Өткізілген күні мен орны: 2026 жылғы 12 қаңтар
Сағат 10-30
Көктөбе ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты. Қызылжар ауылы.

Жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жалпы саны: 21 адам.
Қатысушылардың саны:12 адам (қосымша тізімі тіркеледі).

Төрағасы - Смадылов С.А
Хатшысы – Мукушева Р.Т.

Күн тәртібіндегі мәселе:
Көктөбе ауылдық округі бойынша өзекті мәселелерді анықтап, мелекеттік сатып алу веб порталы арқылы сатып алу жолдарын қарастыру

Округ әкімі Б.Саменов:
-Құрметті, округіміздің жергілікті қауымдастық өкілдері!
Биылғы 2026 жылы бөлінген өаражат өздеріізге белгілі. Нақты бағыттар бойынша атап өтсем:
1. Ауылдық округі әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету мақсатында 60 млн 183 мың теңге каражат бөлінген.
2. Елді мекендерді абаттандыру бағдарламасы арқылы 10 млн қаражат бөлінді.
3. Елді мекеннің санитариясын қамтамасыз етуге 6 млн 173 мың теңге
3. Көшелерді қысқы мерзімде күтіп баптау жұмыстары 3 млн 652 мың тг.
Көктөбе ауылының тұрғыны Дулаев Агапаша:
- Біздің ауылдар таудың етегінде орналасқандықтан, қар қалың түседі, тазалаушы тракторлар кейде екі мәрте жүруіне тура келеді. Сырғанақ, мына Снйфуллин көшесіне тұзды жиі сеуіп отырмаса, жол еңіс болғандықтан, машинелер светофорға келгенде тоқтай алмай, жол көлік оқиғасы болып жатады. Сол жұмысты нағыз істейтін бір мекемеге берсеңдер болмай ма?
Алмалы ауылының тұрғыны Парманов Қанат:
- Иә, болады ғой, былтырдан бері заң шықты емес па, 4000 АЕК аспаса, бір көзден келісім шарт жасауға болады деген.
Қызылжар ауылының тұрғыны Естемесов Мурат
- Мына жарықтандыруға қызмет көрсету, ағаш кесу, арықтарды тазалау, санитарлық тазалау жұмыстарын да жақсылап, істейтін мекемемен келісіп,бір көзден тікелей келісім шарт жасайық. Оны конкурсқа [illegible]ғарғанмен көрінген мекеме кіріп, артынан жұмыстар жасалмай, жалынып жүргеніше

Сканировано с CamScanner

Округ әкімі Б.Саменов

- Негізі биыл Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, ауылдық округі әкімінің аппараты Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 16 бабының 3 тармағы 28) тармақшасына сәйкес, егер мұндай біртекті тауарлардың жылдық көлемі құндық мәнде ауылдар әкімдерінің аппараттары үшін кенттердің, ауылдық округтердің-республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, бір көзден тікелей келісім шарт жасауға болады делінген. Оның да шарттары бар, кем дегенде 3 мекемеден бағалы ұсыным жинау керек

Көктөбе ауылының тұрғыны, ақсақалдар алқасының төрағасы, С.Смадылов

- Сол шарттарын орындап, Жарықтандыру шамдарына техникалық қызмет жүргізу жұмыстары бар, Бүгіл сайының аузындағы арықтарды тереңдетіп қазып, жаңа арналар салу жұмыстары, ауыл ішіндегі, басты трассаның бойындағы қураған ағаштарды кесу жұмыстары барлығын да 4000 айлық есептік көрсеткіштен аспайды, сондықтан бір көзден тікелей келісім шарт жасалсын. Оны жалпы конкурспен жариялап алып, кейін не істелген жұмыс жоқ, соттасып отырғанша.

Округ әкімі Б.Саменов

- Оның да өзіндік шарттары бар. Кем дегенде үш кәсіпкерден бағалы ұсыныс алып, кім ең арзан бағада сапалы жұмыс жасауға келіседі, сол кәсіпкерге келісім шарт жіберілуі тиіс.

Көктөбе ауылының тұрғыны, ақсақалдар алқасының төрағасы, С.Смадылов

- Ол мәселені осы аппаратың мамандарына тапсырайық. Істелетін жұмыс көлемі анықталып, кәсіпкерлерден бағалы ұсыныс алынсын. Аталған жұмыстар бір көзден тікелей келісім шарт жасау арқылы жасалсын.

Жиналыста отырған жергілікті қауымдастық мүшелері аталған ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Қалыс «жоқ» Қарсы «жоқ»

Күн тәртібінде қаралған төмендегі мәселелер бір ауыздан мақұлданды.

1. Көктөбе ауылдық округі бойынша жарықтандыру шамдарына техникалық қызмет көрсету жұмыстары;
2. Көшелерді қысқы мерзімде күтіп баптау жұмыстары;
3. Ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтер,

Сканировано с CamScanner

4. Елді мекеннің ішіндегі және "Алматы-Талғар-Бәйдібек би" автокөлік жолының бойындағы шөптерді шауып, ағаштарды әктеу, қураған ағаштарды кесу, орнына рұқсат қағазда көрсетілген көлемде ағаштар отырғызу, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары ;

5. Елді мекендердің ішіндегі және елді мекеннен тыс суғару каналдарын, арық жүйелерін тазалау, қалпына келтіру жұмыстары;

6. Заңсыз жиналған зиянсыз қоқыстарды жою, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинап, шығару бойынша қызметтер мен техникалық ерекшелікке сәйкес жұмыстары, біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің 4000 (төрт мың) еселенген мөлшерінен аспайтындықтан, бір көзден тікелей сатып алынсын.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы **Смадылов С.А.**

Жергілікті қоғамдастық жиналысының хатшысы **Мукушева Р.Т.**

Сканировано с CamScanner